

А.А. Тұрұнтаева

*Каспий қоғамдық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: kazupi_1993@mail.ru)*

Қазақстан Республикасында салықтық жоспарлаудың құқықтық негіздері

Салықтық жоспарлауға негіз болып мемлекеттің салық, бюджет, инвестициялық саясаттарының негізгі даму бағыттарын ескеру; кәсіпорынның есеп саясатын жүргізу; заң бойынша белгіленген барлық салық жеңілдіктерін толық және дұрыс қолдана отырып, салық төлеушінің салық міндеттемесін орындау; салық төлеу мерзімін ұзарту, салық және инвестициялық жеңілдіктерді алу мүмкіндігін бағалау, тағы басқа факторлар танылады. Салықтық жоспарлау жедел (оперативті), бақылау, жоспарлау тәрізді функцияларды атқарады. Салықтық жоспарлауды жедел, тактикалық және стратегиялық элементтерді қамтитын үш деңгейлі жүйе ретінде де қарастыруға болады. Қарастыратын мәселесінің маңыздылығына және шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржы қызметінің соңғы нәтижесіне салықтардың тигізетін әсеріне байланысты салықтық жоспарлау стратегиялық және жедел (оперативті) кезеңдерді қамтиды. Мемлекеттік салықтық жоспарлау көбінесе ағымдағы салықтық жоспарлау түрінде жүзеге асырылғандықтан, ол нақты қаржылық жылға түсетін салықтық түсімдердің жоспарын қалыптастырумен байланыстырылады және салықтық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін тәсілдерден тұрады. Мемлекеттік салықтық жоспарлауды іске асыру кезінде салық салуға байланысты болжамдар бюджеттік тапсырмалар негізінде қалыптастырылады және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламаларында беріледі. Бұл бағдарлама салық салу аясындағы қағидалар мен ережелерді, салық заңдарын және қаржылық заңдарды қабылдау (салық салу жөнінде қабылданған нормативтік актілер, өзгерістер мен толықтырулармен қабылданған салық кодексі, барлық қызмет көрсету сферасындағы заңды және жеке тұлғаларға біркелкі салық саясатын жүргізу құралы) негізін құрайтын экономикалық тұрғыдан негізделіп, заң түрінде ресімделген қағидалар мен ғылыми тұжырымдарды белгілеу жүзеге асырылады.


Кілт сөздер: салық, салықтық жоспар, салықтық міндеттемелер, салықтық жеңілдіктер, инвестициялық саясат, бақылау, салық функциялары, салықтық жоспарлау кезеңдері.

Салық салу мәселесі кез келген кәсіпорын үшін өте маңызды, себебі салық кәсіпорынның кірісінің белгілі бір мөлшерін мемлекетке міндетті түрде аударуы, сондықтан кәсіпорындар кіріс бөлігін барынша азайтуға тырысады. Сол себепті салықтық жоспарлау түсінігі қолданылады, салықты жоспарлау көмегімен салықтық міндеттемелерді заңды түрде қысқарту салық жоспарлау бойынша маманның көмегімен жүзеге асырылады. Салық жоспарлаудың қажеттілігі – егер олар Үкімет органдарының бағдарламаларына сай қызмет етсе, онда салық төлеушілерге түрлі салық жеңілдіктері мен салық базасын есептеудің түрлі әдістерін салық заңнамасында бекітілген осы және басқа да салықтық режимдерді қарастыру.

Салықтық жоспарлау – бұл салықтық міндеттемелерді заңда қарастырылған жеңілдіктер мен әдістерді қолдана отырып қысқарту. Оның маңызы салық төлеушілердің өз салықтық міндеттемелерін максималды азайту үшін заңда белгіленген тәсілдер мен құралдарды қолдану құқықтарына ие болу. Салықтық жоспарлау бизнесті ұйымдастыруда тиімдірек, себебі ұйымдастырушылық-құқықтық форманы, ұйымды тіркеу орнын, ұйымның ұйымдастырушылық құрылымын жасауда бастапқыда дұрыс таңдаудың маңызы зор. Өткен ғасырдың 90-жылдары мамандар мен практиктердің нұсқаулары салықтық төлемдерді минимализациялауға байланысты жеке басқарушылық шешімдерден айырмашылығы болды. «Салықтық жоспарлау» түсінігі салықтық міндеттемелер мен төлемдер түсінігімен бірге пайда болды. Салықтық жоспарлау салықтық міндеттемелерді заңдастыру жолымен анықталды, яғни салық төлеушінің бюджетке төленетін салықтық төлемдерін заңға сәйкес әрекеттендіруі. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің басым бөлігі салық заңдарында бекітілген көптеген салықтар бойынша жеңілдіктерді дұрыс қолданбайды. Сонымен қатар салық зардаптарын ескере отырып, мәмілелердің мүмкін болатын формаларына талдау жүргізуі қажет. Қателердің аз болуын салық есептемелерінің ішкі бақылау технологиясының процедурасы мен қағидадары қамтамасыз етеді. Сонымен қатар бақылау органы салық төлеу мерзімінен асып кетпеуін бірінші орынға қояды. Бірақ салықтар және алымдар төлеудің мерзімі салық заңнамаларында белгіленген болса, оларды қолдану керек [1; 115]. Салықты азайтудың әдістерінің бірі шетелдерде оффшорлық компанияны ашу және Қазақстан аумағында салықты аз төлейтін компания ашу болып табылады. Сондай-ақ салық ауыртпашылығын заңды түрде азаюын және бизнестің ортақ схемасына дәлме-дәл болуы керек. Схемасы дәл болмаса бақылау органдары салық төлеушіні үнемі тексереді.

Салықтық жоспарлау процесі бір-бірімен тығыз байланысты кезеңдерден тұрады. Олар келесідей: Бірінші кезең — бизнесті ұйымдастыру идеясының пайда болуы, мақсаттары мен міндеттерін жасақтау, сондай-ақ заң шығарушы органдар беретін салықтық жеңілдіктерді қолдану туралы сұрақтарды қарастыру. Екінші кезең — салықтық көзқарастан қарағанда кәсіпорынның өндіріс орындарына және кеңселеріне, сондай-ақ филиалдарына, еншілес компанияларына және басқарушы органдарына тиімді орын таңдау. Үшінші кезең — заңды тұлғаның ұйымдастырушылық-құқықтық формасын таңдау және салық режимімен пайда болатын қарым-қатынасын анықтау. Төртінші кезең салықтық жеңілдіктердің талдауын көздейтін кәсіпорынның салықтық кеңістігінің пайда болуын қарастырады. Бесінші кезең — кәсіпорынның мәмілелер бойынша қатынастарының жүйесін жүзеге асыру (пайда болған салық кеңістігін есепке ала отырып). Қорытындысында шаруашылық субъектінің мәмілелік кеңістік пайда болады. Алтыншы кезең түрлі жағдайға талдау жүргізіледі: штрафтық және басқа да санкциялармен айқындалып алынған қаржылық көрсеткіштерді мүмкінді шығындармен салыстыру. Жетінші кезең — қате жібермеудің негізгі тәсілі болып салық есептемелерінің ішкі бақылау технологиясы табылады.

Салықтық жоспарлаудың шектеріне келесілер жатқызылды: *заңнамалық шектеулер* — оларға салық заңнамаларын бұзғаны үшін белгіленген жауапкершілік шараларын жатқызуға болады. *Әкімшілік ықпал ету шаралары* — тексеріс жүргізіп, сәйкесінше санкцияларды қолдану туралы шешім қабылдай алады, әсіресе салық төлеушінің шотындағы есеп айырысу операцияларын тоқтату, салық төлеушінің мүлігін тәркілеу. *Арнайы соттық доктриналар* — салықтарды заңсыз төлеу мен жалтаруда заң талаптарына сәйкес келмейтін мәмілелерде қарастырылады. Оларға «формадағы қалып» және «іскерлік мақсат» доктриналары жатады. Салықтық жоспарлаудың негізгі шегі салық төлеуші өз салық міндеттемелерін тек заңды түрде ғана жүзеге асыруында. Олай болмаған жағдайда салық үнемділігінің орнына үлкен қаржылық шығындар, банкроттық, тіпті бостандығынан айырылуға дейін барады. Кәсіпорындар мен ұйымдарда салықтарды басқару жүйесін құру мен сәтті жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалу керек. Олар: даму стратегиясы, бизнес-жоспары және бюджетінің арақатынасының болуы; әкімшіліктің стратегиялық және тактикалық жоспарлар негізінде салықтық жоспарлауды, сондай-ақ басқарудың мінсіз үрдістерін жүзеге асыру; Интернет-ресурстарын және жүйелік технологияларды қолдана отырып, жинақтау жүйесін ұйымдастыру мен ақпараттарды өңдеу; құрылымдық бөлімшелерге бөлу (тұлға), бірегей жүйе ретінде салықтық жоспарлауды ұйымдастыруға жауапты; салықтық жоспарлаудың схемасын құрастыру (салық кеңістігі, мәмілелік кеңістік); факторлар жүйесінің мониторингісі [2; 87] (сур. қара).



Сурет. Кәсіпорындар мен ұйымдардың салықтық жоспарлауының жалпы схемасы

Көптеген мемлекеттерде салық төлеуден жалтаруды азайтудың әдістері қолданылады, олар салықтық жоспарлаудың қолданылу саласын азайтуды қарастырады. АҚШ, Ұлыбритания және тағы басқа елдерде «антитрансферттік», «антиоффшорлық» және «антидемпингтік» заңнамалар қатаң қолданылады. Сондықтан салық шығындарын азайту мүмкіндіктері тек қана жүргізілетін шектеулер жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Төменде салықтық жоспарлаудың ірі сегіз процедурасынан тұратын реті көрсетілген:

1. Шаруашылық субъектінің салық кеңістігін сипаттайтын салық кестесі толтырылады, мұнда әр салық келесі негізгі көрсеткіштермен сипатталады: төлем көзі; бухгалтерлік есеп; салық салу базасы; салық мөлшерлемесі; төлеу мерзімдері; әртүрлі деңгейдегі бюджеттік аудармалар арақатынасы; есеп аударылатын ұйымдардың реквизиті; салықты есептеудің жеңілдіктері мен ерекше шарттары.

2. Кәсіпорынның жарғысына сәйкес және азаматтық заңнама негізінде мәмілелік жүйе қатынасы құрылады. Қорытындысында шаруашылық субъектінің мәмілелік кеңістік пайда болады.

3. Кәсіпорын орындауға тиіс біртекті шаруашылық операциялар таңдалады.

4. Салықтық, мәмілелік және шаруашылық қызметтерді есепке ала отырып, әртүрлі жағдайлар қарастырылады.

5. Бухгалтерлік және салықтық есептер түрінде рәсімделетін, ең тиімді нұсқаларды таңдау.

6. Қаржылық және салықтық есеп жүргізудің негізі болатын шаруашылық операциялардың журналы толтырылады.

7. Салық тәуекелдерін есепке ала отырып, максималды қаржылық нәтижені бағалау, салық көзқарасынан қарағанда кәсіпорынның активтері мен пайдаларын тиімді орналастыру.

8. Ұйымның есептік саясатының альтернативті әдістері анықталады.

Кәсіпорындардың практикалық қызметінде пайда болатын салықтық қателер келесілер: алғашқы құжаттардың болмауы немесе дұрыс толтырылмауы; қолданыстағы салық заңнамаларын дұрыс түсінбеуі нәтижесіндегі қателер; салық салудағы өзгерістерге уақтылы назар аудармауы, әсіресе жергілікті; арифметикалық есептеудің дұрыс еместігі; салықтық есеп құжаттарын уақтылы тапсырмауы; салық төлеу мерзімінің өтіп кетуі.

Қателерді азайтудың негізгі әдісі салық есебінің ішкі бақылау технологиясын қолдану болып табылады. Ішкі бақылау технологиясының негізін қалаушы қағидаттары: технология шегінде барлық салықтық шешімдер белгілі бір процедуралардың көмегімен шешіледі; барлық салықтық шешімдер технологияны енгізу кезеңінде белгіленіп, ешқандай субъект ешбір шешім қабылдай алмайды. Жағдай өзгергенде салықтық қорытындыны сарапшылар тобы (комиссия) шешеді; кәсіпорын салыққа байланысты процедуралар мен белгілі жүргізуге құқығы бар бір топ тұлғаларды белгілеуі керек; әрбір салық шаруашылық операциясы белгілі мысалда көрсетілген жазбаша құжатпен көрсетілуі тиіс; салықтық қателерді азайту үшін стандартталған құжаттар қолданылады; күнделікті бақылауға салықтық жеңілдіктердің әрбір мәмілеге негізделуі жатады; барлық бухгалтерлік өткізгіштер мен салықтық есептер біртекті шаруашылық жағдайлардың кестесінің негізінде жасалады; барлық ақпараттық-құқықтық жүйенің қолданушылары өздеріне қажет ақпаратты ала алады.

Әр мемлекетте салық заңдарының ерекшеліктеріне байланысты салық режимін қолданатын белгілі бір қызмет түрі мен ұйымдастырушылық-құқықтық форма бар. Осы заңдарға сәйкес салық салудың төмен мөлшерлемесі арқылы шетел заңды тұлғаларын тартуға негіз болады [3; 201].

Оффшорлық бизнес — бұл кіріс көздері шетелден болатын, сондықтан салық салу жеңілдіктерін қолданатын, берілген заңнамадан тыс жүргізілетін қызмет болып табылады. «Оффшорлық зона» түсінігі бойынша заңды түрде оффшорлық кәсіпорындардың мәртебесі мен нормалары анықталған және соған сәйкес қаржылық-экономикалық операциялар жүргізілетін заңнамалар жатады. Сонымен қатар бұндай зоналарда пайда болатын заңды тұлғалардың ұйымдастырушылық-құқықтық формалары келесідей: серіктестік, жауапкершілігі шектеулі қоғамдастық, акционерлік қоғам және т.б. Қазіргі кезде дүниежүзінің салық картасында, салықтық жоспарлау тұрғысынан қарағанда, әлемдік қаржылық операциялар қызығушылығын білдіретін 300 бірлік жеңілдетілген заңнамалар мен зоналар бар. Оффшорлық компаниялардың жалпы саны бірнеше жүз мыңға жетуде.

Оффшорлық зоналар жер шарының ең негізгі бірнеше нүктелерінде белгіленген: Кариб бассейні (Багам, Виргин, Кайман, Барбадос және Гренада аралдары); Ортатеңіз (Андорра, Гибралтар, Монако, Кипр); Еуропа (Швейцария, Люксембург, Лихтенштейн, Гернси, Джерси және Мэн, Сан-Марино, Ирландия аралдары); Араб елдері (Ливан, ОАЭ, Бахрейн); Африка (Сейшел аралдары, Либерия); Азия-Тынық мұхиты маңы (Қытай, Гонконг, Сингапур, Малайзия, Филиппин). Оффшорлық

компаниялар ұсынатын жеңілдіктер түрі: салық салудың жеңілдетілген тәртібі, валюталық автономияны ұсыну, тауарды импортқа шығарғандағы кеден жеңілдіктері, тіркелу процедурасы мен есеп берудің жеңілдеуі, банктік және коммерциялық құпияға кепілдік және т.б. Оффшорлық зонада салық мәртебесі әртүрлі компаниялар қызмет жүргізеді. Оффшорлық компания – ұлттық компанияның арнайы түрі, Кипрдің заңнамасымен қарастырылған; белгілі ережелерді бұзбаған жағдайда салық салу мөлшерін таңдау мәртебесіне ие компания [4; 101]. Босатылған компания салық төлеуден толық босатылады, бірақ қағаз жүзінде салық төлеуші ретінде тіркеуде тұр. Резидент емес компания ұлттық заңға сәйкес салық салуға жатпайды.

Дүние жүзіндегі мемлекеттердің төрттен бірі шетел резиденттеріне әлемдік салықтық жоспарлауды және оның элементтерін қолданады. Оффшорлық бизнес негізінде құруға болатын схемалар: 1) оффшорлық компания — *сауда жүргізудегі делдал*. Сыртқы сауда операцияларын сатушы мен сатып алушы арасында жүргізгенде компания құрылады, ол салық салу объектісінде көбірек кірісті локализациялау; 2) оффшорлық компания — *мердігер*. Бұл жағдайда компанияны салық салу базасын азайту мен өз құнын қоса алғанда шығындың көбеюіне ықпалын тигізу үшін қолданады; 3) оффшорлық компания – құны қымбат тұратын мүліктің иесі. Бұл схема мүлік иесі өз иелігіндегі құнды мүлік бар екендігі құпияда қалдырғысы келген кезде қолданады; 4) оффшорлық компания — *тауар белгісінің иесі және лицензиар*. Бизнесі тұрақты емес мемлекетте жүргізсе, тауар белгісін осы компанияға тіркеуге болады немесе тіркелген күйде сатуға болады; 5) оффшорлық компания — *авторлық құқық иесі*. Бұл схема салықты азайтудың және капиталды экспорттауда қолдануға болатын ыңғайлы әдіс; 6) оффшорлық компания — *банк шоттарын ұстаушы*. Бұл жағдайда иесі берілген компанияны өз қадағалауына алады, ал компания банкте, белгілі уақыт өткеннен кейін корпоративтік кредиттік картаны алу үшін шот ашады; 7) оффшорлық компания — *кепілдік ұстаушы*. Бұл схема салықтық жоспарлауда қолданылады, егер мүлік иесі мүлігінің сақталуына күмәнді болса; 8) оффшорлық компания — *инвестор*. Оффшорлық компания шығарылған инвестицияларды жаңа инвестициялық жобаға өз еліне қайтару үшін аудару қызметін атқарады; 9) оффшорлық компания — *кеме иесі*. Көптеген оффшор орталықтары олардың туы астында жүретін кемелерге салық салу шарттарының жеңілдіктерін ұсынады; 10) оффшорлық компания – *құрылыс жұмыстарын орындаушы*.

Қаржылық операциялар үшін әртүрлі кәсіпорындардың түрлері ғана қолданып қоймай – оффшорлық серіктестік, компаниялар, кепілдіктен шектелген, акционерлік қоғам, сонымен қатар жаңа ұйымастырушылық-құқықтық формалар енгізілуде. Көптеген трасттық қағидалар мен нормаларға негізделген арнайы қаржылық қызмет қазіргі бизнес сұранысына бейімделген. Трасттар (сенімгерлік меншік) оффшорлық бизнесте жиі қолданылады немесе бірқатар жағдайларда жай компаниялармен салыстырғанда қалаулы болады [5; 17]. Көптеген шетелдік оффшорлық компаниялар сыртқы экономикалық операцияларды жүргізуде мүлдем қажет болмаса, келесілеріне өте қажет болады.

Оффшор — бұл қызмет атқаратын және оны қолдануға болатын салықтық жоспарлаудың анық құралы. Бірақ соңғы жылдары оффшорлық бизнес өте маңызды өзгерістерге ұшырағанына көңіл аударайық. Сондықтан оффшорлық бизнестегі әлем тенденциясына, сондай-ақ өндірісі дамыған мемлекеттер тарапынан оффшорға қарсы әдістерді есепке ала отырып, оффшорлық орталықтың қатысуымен жүргізілген салықтық схеманы құруға аса назар аудару қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Абиев С.Н. Салық және салық салу: оқу құралы / С.Н. Абиев, М.М. Алиева. — Алматы: Дәуір, 2012. — 244 б.
2. Нұрымов А.А. Салық және салық салу / А.А. Нұрымов, С.А. Шоимбаева. — Алматы: Жеті жарғы, 2013. — 215 б.
3. Есенғалиева Қ.С. Экономикалық теория: оқулық / Қ.С. Есенғалиева. — Алматы: Экономика, 2015. — 576 б.
4. Елшібаев Р.Қ. Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру: оқу құралы / Р.Қ. Елшібаев. — Алматы: Экономика, 2016. — 172 б.
5. Герун А. Планирование налоговых проверок / А. Герун // Вестн. налоговой службы Республики Казахстан. — 2016. — № 1. — С. 15–18.

А.А. Турунтаева

Правовые основы налогового планирования в Республике Казахстан

В статье отмечено, что основой для налогового планирования являются: учет основных направлений развития государственной налоговой, бюджетной и инвестиционной политики; ведение учетной политики предприятия; выполнение налогового обязательства налогоплательщика при полном и правильном применении всех налоговых льгот, установленных законом; продление налогового платежа, оценка возможности получения налоговых и инвестиционных пособий и т.д. Автором выделены функции налогового планирования, такие как оперативное управление, контроль, планирование. Налоговое планирование можно рассматривать как трехуровневую систему, включающую оперативные, тактические и стратегические элементы. Оно включает стратегические и быстрые (оперативные) этапы, которые имеют отношение к характеру проблемы и влиянию налогообложения на конечный результат финансовых результатов хозяйствующего субъекта. Подчеркнуто, что, поскольку государственное налоговое планирование в основном осуществляется в форме текущего налогового планирования, оно связано с формированием плана налоговых поступлений за финансовый год и включает методы, обеспечивающие выполнение налоговых обязательств. В случае публичного налогового планирования основанные на налогообложении предположения формулируются на основе бюджетных ассигнований и приводятся в программах социально-экономического развития страны. Автор доказал, что эта программа определяет экономическое наследие, законные принципы и научные выводы, которые составляют основу для принятия принципов и положений налогообложения и финансовых вопросов (нормативные акты, принятые по налогообложению, налоговый кодекс с внесенными в него поправками и дополнениями — инструментом единого налогообложения для юридических и физических лиц во всех областях обслуживания).

Ключевые слова: налог, налоговый план, налоговые обязательства, налоговые льготы, инвестиционная политика, контроль, налоговые функции, этапы налогового планирования.

А.А. Turuntayeva

Legal basics of tax planning in the Republic of Kazakhstan

The basis for tax planning is to take into account the main areas of development of the state's tax, budget and investment policies; maintaining accounting policy of the enterprise; fulfillment of the tax liability of the taxpayer with full and correct application of all tax privileges established by law; prolongation of tax payment, assessment of the possibility of obtaining tax and investment benefits, etc. such factors are recognized. Tax planning functions like operative, control, planning. Tax planning can be considered as a three-tier system that includes operational, tactical and strategic elements. Tax planning involves strategic and operational (operational) stages, which are relevant to the nature of the issue and the impact of taxation on the ultimate outcome of the business entity's financial performance. Since the state tax planning is mainly carried out in the form of current tax planning, it is associated with the formation of a tax revenue plan for the fiscal year and includes methods that ensure compliance with tax obligations. In the case of public tax planning, tax-based assumptions are formulated on the basis of budgetary allocations and are listed in the country's socio-economic development programs. This program defines the economic legacy, legal principles and scientific conclusions that form the basis for the adoption of the principles and provisions of taxation, taxation and financial matters (normative acts adopted on taxation, the tax code, as amended and supplemented, is a single taxation instrument for legal entities and individuals in all areas of service).

Keywords: taxes, tax plan, tax obligations, tax incentives, investment policy, control, tax functions, tax planning stages, tax code, program, legal and physical person, tax policy.

References

- 1 Abiyev, S.N., & Aliyeva, M.M. (2012). *Salyk zhane salyk salu [Taxes and Taxation]*. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 2 Nurumov, A.A., & Choimbaeva, S.A. (2013). *Salyk zhane salyk salu [Taxes and Taxation]*. Almaty: Zheti zharhy [in Kazakh].
- 3 Esengalieva, K.S. (2015). *Ekonomykalyk teoriia [Economic theory]*. Almaty: Ekonomika [in Kazakh].
- 4 Elshibayev, R.K. (2016). *Shahyn zhane orta biznesty uymdastyru [Organization of small and medium business]*. Almaty: Ekonomika [in Kazakh].
- 5 Gerun, A. (2016). Planirovanie nalohovykh proverok [Planning of tax audits]. *Vestnik nalohovoi sluzhby Respubliki Kazakhstan – Bulletin of the Tax Service of the Republic of Kazakhstan*, 1, 15–18 [in Russian].